



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 22 қыркүйектегі № ДС-340 хатқа

Құрметті депутаттар!

Ауыл шаруашылығы техникасының (бұдан әрі – АШТ) отандық нарығына қатысты депутаттық сауалды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

Өндірісті оқшаулау және АШТ паркін жаңарту мәселелері бойынша

Үкіметтің АШТ-ның өз өндірісін және өнеркәсіптік кооперацияны ұлғайту бойынша қабылдаған шараларының нәтижесінде бірқатар ірі әлемдік компаниялар («Ростсельмаш» ЖШҚ, «Петербург трактор зауыты» АҚ (Ресей), «Гомсельмаш» ААҚ, «МТЗ» ААҚ, «БобруйскАгромаш» ААҚ (Беларусь), Lovol Heavy Industry, YTO Group Corporation, Shandong Wuzheng Group, Dongfeng Agricultural Machinery (ҚХР), CLAAS Gmh (Германия), SDF Group (Италия), PÖTTINGER Landtechnik GmbH (Австрия) өз өнімдерін Қазақстан аумағында локализациялаған.

Отандық зауыттарда әртүрлі қуаттылықтағы тракторлардың 10 бренді, астық және жем жинайтын комбайндардың 5 бренді игерілді. 10 кәсіпорын қосалқы АШТ мен жабдықтарын шығарады.

Ағымдағы жылғы 8 айда 3,6 мыңға жуық трактор (өткен жылға қарағанда 33% - га өсім) және 1 мың комбайн (63% - га өсім) өндірілді. Бүгінгі таңда отандық өндірушілер тракторлар нарығының 88% және комбайндардың 75% қамтиды.

Бұдан басқа, өнеркәсіптік құрастыру туралы келісімдерге сәйкес ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындары үшін оқшаулауды тереңдету және өндірушілердің жаһандық тізбегіне енгізу бойынша қарсы міндеттемелер көзделген.

Осыған байланысты, өнеркәсіптік алаңдарда компоненттік база, аспалы және тіркеме жабдықтар өндірісі жолға қойылды, кабиналарды дайындау, дәнекерлеу және бояу бойынша операциялар игерілді, металды өңдеу және конвейерлік құрастыру бойынша өндірістік желілер, сондай-ақ компоненттер мен жинақтауды дайындау бойынша басқа да қуаттар іске қосылды.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арналған техника паркін жаңарту үшін Өнеркәсіпті дамыту қоры, Қазагроқаржы және Жасыл Даму

желісі бойынша жеңілдікті лизингтік қаржыландырудың бірқатар тетіктері (10 жылға 6-7% - бен) енгізілді.

Осы бағдарламалар бойынша жалпы айналымы револьверлік негізде жүргізілетін шамамен 100 млрд теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда олар бойынша 2,4 мыңға жуық АШТ қаржыландырылды.

Осылайша, қабылданып жатқан шаралар ішкі өндірісті дамытуға, халықты жұмыспен қамтуға, АШТ-ны жаңартуға бағытталған.

Кәдеге жарату төлемін жою және импортты қолдау мәселелері бойынша

АШТ - ға кәдеге жарату алымына (бұдан әрі – КЖА) қатысты бұл төлем өндірісті ынталандыру тетігінің болуына байланысты отандық өндірістің тракторлары мен комбайндарының құнына енгізілмейтінін атап өту қажет.

Қазақстанда аналогтары өндірілмейтін импорттық техникаға да (*картон жинайтын комбайндар, жүзім жинайтын комбайндар және т.б.*) КЖА қолданылмайды.

Сонымен қатар, 2022 жылы КЖА ставкалары 50% - ға төмендетілді.

Бұл ретте, КЖА қаражатын пайдалану шеңберінде жеңілдетілген автокредиттеуді қаржыландыру, автобус паркі мен ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту бағдарламалары іске қосылғанын атап өткен жөн.

Осыған байланысты КЖА жою туралы мәселе қазір кезде қарастырылмауда.

Сондай-ақ, «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңға сәйкес Үкімет импортқа тәуелділікті қысқарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Баға қалыптастыру мәселесі бойынша

Түпкілікті АШТ-ға баға белгіленуі машина жинақтары мен материалдарын, логистиканы, коммуналдық қызметтерді, салықтар мен алымдарды, басқа да шығындарды сатып алу бағасын ескере отырып қалыптастырылады.

2022 жылы АШТ бағасының өсуі әлемдегі геосаяси және тұрақсыз экономикалық жағдайға байланысты болды.

Құрамдас бөліктердің негізгі жеткізушілері ТМД және Қытай елдерінің өкілдері болып табылады. Енгізілген санкциялардың салдарынан валюта құнының өсуі және компоненттерді жеткізушілердің өзгеруі орын алды, бұл олардың құны мен логистикалық шығындарын арттырды және тұтастай алғанда өнімнің өзіндік құнына әсер етті.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша көптеген өндірушілер бойынша отандық өндірістің тракторлары мен комбайндарына бағаның төмендеуі байқалады.

Тракторлар. Төмендеу 38 модель бойынша орта есеппен 18% - ға байқалды, 7 модель бойынша өндірушілер бағаны өзгеріссіз ұстай алды, 5 модель бойынша бағалар орта есеппен 10,5% - ға өсті.

Комбайндар. Сатып алынатын негізгі 9 модель бойынша төмендеу орташа есеппен 20,6% - ға, еуропалық брендтердің 5 моделі бойынша бағалар орта есеппен 15,7% - ға өсті.

Қазіргі уақытта бренд иелері мен өндірушілер компоненттерді жеткізудің балама логистикалық тізбегін құрды, осыған байланысты бүгінгі күні бағаның күрт өсуі болжанбайды.

Сондай-ақ Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі және басқа да бақылаушы мемлекеттік органдар (*Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, Жоғары аудиторлық палата, Бас прокуратура*) тарапынан тұрақты негізде АШТ өндірушілерінің қызметіне, оның ішінде баға белгілеу мәселелері бойынша талдау және тексеру іс-шаралары жүргізіледі.

Жалпы, осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады және Үкіметтің ерекше бақылауында.

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-340 от 22 сентября 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос относительно отечественного рынка сельскохозяйственной техники (далее – СХТ), сообщаю следующее.

По вопросам локализации производства и обновлению парка СХТ

Благодаря принимаемым Правительством мерам по наращиванию собственного производства СХТ и промышленной кооперации, ряд крупных мировых компаний локализовали свою продукцию на территории Казахстана (ООО «Ростсельмаш», АО «Петербургский тракторный завод» (Россия), ОАО «Гомсельмаш», ОАО «МТЗ», ОАО «БобруйскАгромаш» (Беларусь), Lovol Heavy Industry, YTO Group Corporation, Shandong Wuzheng Group, Dongfeng Agricultural Machinery (KHP), CLAAS Gmh (Германия), SDF Group (Италия), PÖTTINGER Landtechnik GmbH (Австрия).

На отечественных заводах освоен выпуск 10 брендов тракторов разных мощностей, 5 брендов зерноуборочных и кормоуборочных комбайнов. 10 предприятий выпускают вспомогательную СХТ и оборудование.

За 8 мес. т.г. произведено порядка 3,6 тыс. тракторов (*рост на 33% к прошлому году*) и 1 тыс. комбайнов (*рост на 63%*). На сегодня отечественные производители охватывают 88% рынка тракторов и 75% комбайнов.

Кроме того, в соответствии с соглашениями о промышленной сборке для предприятий сельхозмашиностроения предусмотрены встречные обязательства по углублению локализации и встраиванию в глобальную цепочку производителей.

В этой связи, на промышленных площадках налажено производство компонентной базы, навесного и прицепного оборудования, освоены операции по изготовлению, сварке и окраске кабин, запущены производственные линии по обработке металла и конвейерной сборке, а также другие мощности по подготовке компонентов и комплектации.

Также для обновления парка техники для сельхозтоваропроизводителей был внедрен ряд механизмов льготного лизингового финансирования (*под 6-7% на 10 лет*) по линии Фонда развития промышленности, КазАгроФинанса и Жасыл Даму.

По этим программам в общем предусмотрено порядка 100 млрд тенге, оборот которых происходит на револьверной основе. На сегодня по ним профинансированы порядка 2,4 тыс. ед. СХТ.

Таким образом, принимаемые меры направлены на развитие внутреннего производства, обеспечение занятости населения, обновление СХТ.

По вопросам отмены утилизационного платежа и поддержки импорта

В отношении утилизационного сбора (далее – утильсбор) на СХТ необходимо отметить, что данный платеж в стоимость тракторов и комбайнов отечественного производства не включается, в связи с наличием механизма стимулирования производства.

На импортную технику, аналоги которых не производятся в Казахстане (*комбайны картофелеуборочные, виноградоуборочные и др.*), утильсбор также не распространяется.

Более того, в 2022 году ставки на утильсбор были снижены на 50%.

При этом необходимо отметить, что в рамках использования средств утильсбора запущены программы финансирования льготного автокредитования, обновления автобусного парка и сельскохозяйственной техники.

В этой связи вопрос по отмене утильсбора в настоящее время не рассматривается.

Также в соответствии Законом «О промышленной политике» Правительством ведется планомерная работа по сокращению импортозависимости.

По вопросу ценообразования

Ценообразование конечной СХТ формируется с учетом цены закупа машинокомплектов и материалов, логистики, коммунальных услуг, налогов и сборов, других затрат.

Рост цен на СХТ в 2022 году был обусловлен продолжающейся геополитической и нестабильной экономической обстановкой в мире.

Основными поставщиками комплектующих деталей являются представители стран СНГ и Китая. Вследствие введенных санкций, произошел рост стоимости валют и смена поставщиков компонентов, что увеличило их стоимость и затраты на логистику, и в целом повлияло на себестоимость выпускаемой продукции.

Вместе с тем, по состоянию на 1 сентября т.г. наблюдается снижение цен на тракторы и комбайны отечественного производства по большинству производителей.

Тракторы. Снижение отмечено по 38 моделям в среднем на 18%, по 7 моделям производителям удалось удержать цены без изменений, по 5 моделям цены выросли в среднем на 10,5%.

Комбайны. Снижение произошло по 9 основным приобретаемым моделям в среднем на 20,6%, по 5 моделям европейских брендов цены выросли в среднем на 15,7%.

В настоящее время брендодержателями и производителями налажены альтернативные логистические цепочки поставки компонентов, в связи с чем резкого роста цен на сегодня не прогнозируется.

Также со стороны Министерства промышленности и строительства и других контролирующих госорганов (*Агентство по защите и развитию конкуренции, Высшая аудиторская палата, Генеральная прокуратура*) на регулярной основе проводятся анализ и проверочные мероприятия деятельности производителей СХТ, в том числе по вопросам ценообразования.

В целом, работа в данном направлении будет продолжена и находится на особом контроле Правительства.

А. Смаилов